

Айыппұл сомасын төлеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 21 қыркүйектегі N 318

Қазақстан Республикасының шетелдік кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 4 маусымдағы N ф-22-1-6/18, 1993 жылғы 4 маусымдағы N ф-22-1-6/19 мемлекеттік кепілдемелерге және Әлембанкі (бұрынғы Казвнешэкономбанк) ұсынған, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Федералды Қаржы министрлігі арасындағы 1994 жылғы 19 желтоқсандағы Келісімге өзгерістерге сәйкес шетелдік банктердің шоттарының негізінде, дәрменсіз қарыз алушылар үшін алда төленуі тиіс төлемдерді қосымшаға сәйкес, сондай-ақ 1997 жылға арналған республикалық бюджетте "Несиелеу минус өтеу" тарауы бойынша көзделген қаражаттың шегінде төлем жасау күніне бағамдық айырмашылықтың өзгеруін ескере отырып есептелген айыппұл сомасын төлесін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі

алынған сомалардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөніндегі барлық шараларды қабылдасын.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1997 жылғы 21 қыркүйектегі
N 318 өкіміне қосымша

Шетел несиелерін өтеу жөніндегі
төленуі тиісті төлемдер сомасы

| | | | | | | | |
|------------------|--|-------|----------|---------|--|-------------|--------|
| Қарыз алушы ұйым | | Төлем | | Төлем | | оның ішінде | |
| | | | валютасы | сомасы | | _____ | |
| | | | | негізгі | | проценттер | басқа. |

| | | борыш | | лары |

Герман несие жүйесі

"Ауылшармаш" АҚ неміс
маркасы 772966,89 675818,05 97148,84 -

"Ауылшармаш" АҚ неміс
маркасы 510476,21 446318,00 64158,21 -

Австрия несие жүйесі

"Фосфор" АҚ АҚШ
доллары 79000,00 - 50454,70 28545,30

Барлығы: неміс маркасы 1283443,10 1122136,05 161307,05 -
АҚШ доллары 79000,00 - 50454,70 28545,30